

## **Телекоммуникациялық қызметтерді көрсету (SMS тарату) туралы жария шарт**

Осы Жария шарт (бұдан былай – Шарт) бұдан былай «**Оператор**» деп аталатын «Кселл» акционерлік қоғамының бұдан былай «**Клиент**» деп аталатын, осы Шарт талаптарына қосылған тұлғаға «SMS тарату» сервистерін ұсыну үшін сандық және әріптік сәйкестендіргіштер негізінде телекоммуникациялық қызметтер көрсету талаптарын белгілейді. Клиент пен Оператор Шарт бойынша бірге алғанда – «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

### **1. Анықтамалар**

1. Осы Шартта және/немесе осы Шартты қолдануға байланысты қатынастар үшін оның қосымшаларында келесі терминдер контексте басқа мәнге ие болмаған жағдайда, келесідей мәндерге ие болады:

1. «**Сервис**» - Клиенттің Пайдаланушыларға Техникалық шешімді пайдаланып, Оператордың байланыс желісі арқылы Оператордың Клиент қызметіне қолжеткізім ұсыну жолымен көрсететін қызметтері.

2. «**Контент**» - Сервистің мазмұндық бөлімі. Клиенттен Пайдаланушыға Контентті жіберу үшін тасымалдау орталығы ретінде Техникалық шешім аясында жүзеге асырылатын SMS технологиясы қолданылады.

3. «**Техникалық шешім**» - Сәйкестендіргіштер және SMS технологиясы арқылы Оператордың және/немесе басқа байланыс операторларының байланыс желісі арқылы Сервис бойынша ақпараттың Клиенттен Пайдаланушыға және/немесе Пайдаланушыдан Клиентке берілуін қамтамасыз ететін, Оператор әзірлейтін және сүйемелдейтін бағдарламалық-техникалық құралдар кешені. Пайдаланушы Сервисті Техникалық шешіммен үйлесетін абоненттік құрылғылар арқылы пайдалана алады.

Телекоммуникациялық қызметтер ұсыну үшін Техникалық шешім келесідей бөлшектерден тұра алады:

а) Оператордың және/немесе басқа ұялы байланыс операторларының Сәйкестендіргіштеріне Клиентті қосу;

ә) Сәйкестендіргіштер, не болмаса Тараптар арасында келісілген басқа да тәсілдер арқылы Пайдаланушылардың Клиент Сервистеріне қолжетімділік алуы үшін техникалық қосылыс мүмкіндігін ұсыну;

б) Тараптардың келісімі бойынша басқалары.

4. «**Сәйкестендіргіш**» – бірнеше сандық, әріптік және/немесе олардың тіркесінің жинағымен анықталатын және Сервис аясында Клиенттің SMS-хабарламаларды жіберуші және/немесе қабылдаушы ретінде анықтау үшін пайдаланылатын белгі.

5. «**Анықталмаған sms**» — SMS-хабарлама жіберушінің жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін Клиенттің атын немесе оның тауар белгісін, брендін және т.б. көрсетпестен, Жалпы сәйкестендіргіштен жіберілетін SMS хабарламалар.

Клиенттің SMS-трафигінде анықталмаған sms-хабарламаларды Оператор Клиентті қандай да бір ескертусіз біржақты тәртіпте бұғаттайды. Анықталмаған SMS хабарламаларды сәйкестендіру Жалпы сәйкестендіргіштерді, кіріс хабарламаны жіберушіні талдау; бастапқы және алынған хабарламадағы таңбалардың ұзындығы; сәйкестендіргіштен алынған СМС трафиктің саны мен сипаты және т.б. сияқты параметрлердің жиынтығы негізінде SMS FW (SMS спам-бақылау) функциясы бар сертификатталған жабдықтың көмегімен жүзеге асырылады.

6. «**Пайдаланушы**» – Сервисті пайдалану мүмкіндігін қабылдайтын абоненттік құрылғысы бар байланыс желісінің абоненті болып табылатын және Сервисті алуға келісім берген жеке немесе заңды тұлға.

7. «**Есептік кезең**» - Клиентке телекоммуникациялық қызметтер көрсетілген бір күнтізбелік ай.

8. «**Телекоммуникациялық қызметтер**» немесе «**Қызметтер**» - осы Шарт аясында Сәйкестендіргішті ұсыну мен қызмет көрсету және

